

**Астана қаласы әкімдігінің "№ 14 қалалық емхана" ШЖҚ МКК сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша  
талдамалық анықтамасы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылдың 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша үлгілік қағидаларына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің "№ 14 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – емхана) 2023 жылдың 18 маусымдағы № 115-Ө бұйрығымен 2023 жылдың 1 маусымнан бастап **уақытша комплаенс-офицер міндетін атқарушы** – Ернар Рамазанұлымен Емханада келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

1. Ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Емхананың ұйымдастыру-басқару қызметінде:

- қызмет көрсету сапасы бойынша;
- заңды және жеке тұлғалардың жүгінуіне (арыз, өтініш пен хабарламалары) жауап беру бойынша;
- антикоррупция нормалары мен этика және диентология тәртібін сақтау бойынша;
- қаржы блогы бойынша.

**Өткен немесе жақында болатын сыбайлас жемқорлық оқиғалары  
туралы хабарламалар:**

Емхана қызметкерлері тарапынан кәсіпорын ішінде де, оның сыртында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарламалар мен өтініштер түскен жоқ, аталған жағдай мұндай фактілерді анықтау және хабарлау бойынша азаматтық белсенділіктің еліміздегі төмен деңгейін көрсеткіші болуы мүмкін.

1. Ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Емхана өз қызметін жүзеге асыру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен;
- "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексімен;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен;
- "Стационарлық аурухананы алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығымен;
- "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен.

- "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434 Заңымен;

- "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен.

Ұйымның қызметін реттейтін жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ. Олардың барлығы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес келеді.

Пациенттерді қабылдау "ДамуМед" электрондық бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады, медициналық зерттеулерге барлық жолдамалар, салалық мамандарға жолдамалар да электрондық форматта жүргізіледі. Сонымен қатар, еңбекке жарамсыздық парағын үш күннен артық ұзартуды комиссия жүзеге асырады.

Емханада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында: медициналық анықтамалар (нысандар) және аурухана парақтары қатаң белгіленген қағидалар бойынша беріліп, порталға автоматты түрде енгізіледі.

Емхана қызметіндегі ашықтық қамтамасызету мақсатында емхана сайтында:

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық қызметтер туралы мәліметтер;

- МӘМС шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі;

- ақылы медициналық қызметтер көрсетілетін бағалардың прейскуранты;

- халықты ақпараттандыру үшін басқа да пайдалы ақпарат (дәрігерлердің жұмыс кестесі, медицина қызметкерлерінің деректерін көрсете отырып және т.б.).

## **2. Емхананың ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:**

- персоналды басқару;

- мүдделер қақтығысын реттеу;

- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен жұмысты ұйымдастыру.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде емхананың ұйымдық-басқару қызметінде кадрлардың ауысуы мен айналымына қатысты:

Қызметкерлер қабылданды: 126 (2022 жылы), 58 адам (2023 жылы).

Қызметкерлер жұмыстан шықты:

2022 жылы - 85 адам, 2023 жылы – 47 адам (тұрғылықты жерін ауыстыру, тараптардың келісімі бойынша, зейнеткерлік жасқа толу және т.б.).

Персоналды іріктеу Еңбек.кз порталы арқылы тұрақты түрде жүргізіледі.

Персоналды қабылдау кезінде мынадай тексерулер жүргізіледі; "Е-gov" бірыңғай базасынан сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша соттылықтың жоқтығына, біліктілік және басқа да белгіленген талаптарға сәйкестігіне.

Оқытудан өту, қызметкерлердің біліктілігі нарттыру мерзімдері мен тәртібі белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Мамандар сертификаттарының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын қызметкерлерге жаңа маман сертификатын дайындау және алу үшін мерзімінің аяқталғаны туралы хабарлама беріледі.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезіндеу лестес тұлға және командалық орынауыстыру болмайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жұмыстан босату фактілері жоқ.

Емхана қызметіндегі ішкі талдау барысын дамүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

2022 жыл кезеңінде емханада тәртіптік жауапкершілікке тартылды:

Басшылар (әкімшілік) бөлімінен – 2, қызметкерлер қатарынан - 7.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, 2023 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде емханада тәртіптік жауапкершілікке тартылды:

Басшылар (әкімшілік) бөлімінен – 1, қызметкерлер қатарынан - 9.

Жарияланған жазалар сыбайлас жемқорлыққа қатысты емес.

Әрбір медицина қызметкері жұмысқа орналасу кезінде заңмен белгіленген кұпияны кұрайтын мәліметтерді (пациенттердіңдер бас деректерін) жария етпеу туралы міндеттемелерді толтырады. Әр қызметкер порталға өзінің логині мен паролі арқылы кіреді.

Ақылы қызметтердің жұмысы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексінің 202-бабымен көзделген.

Жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үшін емхананың қызметі келесі нормативтік актілерді басшылыққа алады:

- "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434 Заңы;

- «Тегін медициналық көмектің, қосымша медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен мамандандырылған медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы, тергеу изоляторларында және қылмыстық-атқару (қылмыстық-атқару) жүйесінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде, фармацевтикалық қызмет көрсетуде». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 қаулысы.

**Мемлекеттік қызмет көрсету.**

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде емхана мынадай мөлшерде мемлекеттік қызметтеркөрсетті:

**2022 жыл бойынша:**

• Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру 765

• Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру 5489

• Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама беру 5719

- Науқастарды стационарға жатқызуға жолдама беру 1828 ж
- Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен, мамандандырылған медициналық мақсаттағы бұйымдармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету 28355
- Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру 140
- Санаторлық-курорттық емделу қажеттілігі туралы қорытынды беру 144
- Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту 1177
- Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу 3296
- Дәрігердің қабылдауына жазылу 294032
- Дәрігердің үйіне қоңырау шалу 3280

### **2023 жылдың 31 мамырына дейін:**

- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру 2430
- Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру 2161
- Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру 0
- Науқастарды стационарға жатқызуға жолдама беру 1444
- Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен, мамандандырылған медициналық мақсаттағы бұйымдармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету 11847
- Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру 58
- санаториялық-курорттық емделу қажеттілігі туралы қорытынды беру 150
- Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту 205
- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу 1557
- Дәрігердің қабылдауына жазылу 143656
- Дәрігерді үйге шақыру 850

Бұл қызметтер көрсетілетін қызметті алушылардың емханаға тікелей жүгінуі арқылы көрсетіледі.

**Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау сапасы.** 2022 жылдың басынан 2023 жылғы 30 маусым күніне дейін Емханаға жеке тұлғалардың өтініштері мен құқық қорғау, сот органдары мен басқа арнайы құрылымдардың хаттары түсіп заңмен белгіленген мерзімде қаралды.

Өтініштер мен сұрау салулар ҚР заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен қаралады, бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сарыарқа ауданы прокуратурасының ұсынысымен емхана қызметінде сыбайлас жемқорлық құрамдас бөліктері анықталған жоқ.

Алайда осы тұрғыда азаматтармен бірнеше орынсыз, сондай-ақ расталмаған немесе анонимді түрде шағымдар берілетінін ескерту қажет, сонымен қатар олардың болған болмағанын нақты дәлелдейтін фактілер табу өте қиын, не болмаса тіпті жоқ болып табылады, алайда аталған шағымдар заң бойынша міндетті түрде жауап беру керек болған соң, емхана қызметкерлерінің көп уақыты мен күштері жұмсалады. Оның үстіне азаматтар аталған шағымдарды бірнеше инстанцияларға тапсырып, тексерістер тудырып, қызметкерлерді ауыр моральдық

күйзеліске ұшыратады. Кейбіреулері әдейі айқай шу шығарып өз мүдделерін орындатуға мәжбүрлейді. Осыған байланысты азаматтардың психикалық тұрғыдан, ең азында тәрбие мен әдептілік жағынан қалай мінезделетінін ескере отырып, олардың шағымдарын қарау тәртібін жеңілдету, орынсыз болған жағдайда тиісті әдістерді белгілеп, құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу шараларын белгілеу қажет.

### **Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын сақтау.**

Емханада қызметкерлерге қойылатын талаптар қатаң қаралып, Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары сақталады. Талдау жүргізу кезінде Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын сақтауға байланысты тәуекелдердің туындау жағдайларын растау табылған жоқ.

### **Рұқсат беру функцияларын іске асыру.**

Рұқсат беру функциялары жоқ.

Емхана қызметіне рұқсат беруге лицензиялардың болуы.

### **Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.**

Бақылау-тексеру функциялары жоқ.

Ақшалай қаражат тыңұтымды пайдаланылуына, тауарлық – материалдық құндылықтарды, емхананың негізгі құралдарын сатыпалуға және пайдалануға бақылау жүзеге асырылады.

### **Қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

Республикалық бюджеттен бөлінетін бюджет қаражатының жұмсалуды туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасызету мақсатында заңғасәйкес жылсайын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатыпалудың жылдық Жоспары бекітіледі және Мемлекеттік сатыпалудың веб-порталында жариялау жүзеге асырылады. Осыған байланысты барлық мемлекеттік сатыпалулар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатыпалудың бекітілген жылдық жоспарына сәйкес мемлекеттік сатыпалудың веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алудың 2023 жылға арналған жылдық жоспары Астана қаласы әкімдігінің "№ 14 қалалық емхана" ШЖҚ МКК бұйрығымен бекітілген.

### **Қорытындылар мен ұсыныстар.**


1. Емхананың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар жоқ.

2. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде Емхана қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша қандай да бір ұсыныстардың немесе ескертулердің болмауынан көрінетін емхананың пациенттері болып табылатын қызметкерлердің және оған бекітілген және басқа да тұрғындардың қызығушылық танытпауына және белсенді қатысуына байланысты. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс, осы бағытта түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

4. Қоғамның пікірін ескере отырып, кәсіпорын қызметіндегі әлсіз тұстарды анықтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында алдымен қызметкерлер арасында, содан кейін пациенттер арасында анонимді сауалнама жүргізу ұсынылады.

**Комплаенс-офицер м.у.а.**

A handwritten signature in purple ink, consisting of several loops and a long, sweeping tail that extends upwards and to the right.

**Е. Издибаев**